


Қысқаша анықтамалық нұсқау

## Сіздің телефон **HTC Smart** Қысқаша анықтамалық нұсқау



Қандай да бір әрекет жасар алдында, мынаны оқып шығуыңызды өтінеміз

### **Аккумуляторды қуаттандыру**

Сіздің телефоныңыздағы аккумулятор әлі қуаттанған жоқ. Телефонды қуаттандырған кезде еш жағдайда аккумуляторды алмаңыздар. Бұл сіздің телефоныңызды зақымдандыруы мүмкін. Сондай-ақ, телефонды бөлшектеуге тырыспаңыз (мұндай жағдайда сіздің кепілдігіңіз жарамсыз болып қалуы мүмкін).

### **Тарифтік жоспарды ойлап барып таңдаңыз**

Сіздің телефоныңыз интернеттрафиктің үлкен көлемін тым тез жұмсауы мүмкін. Телефонды пайдалану алдында деректерді берудің жеделдігі туралы сіздің мобильді байланысыңыздың операторынан кеңес алуды табандылықпен ұсынамыз. Егер сізде әдеттегі тарифтік жоспар болса, шығындарыңыз елеулі өсуі мүмкін. Тіркелген төлемі бар тарифтік жоспарға өту анағұрлым тиімді болып табылуы мүмкін.


### **Азаматтардың жеке өмірін қорғайтын заңдар туралы есіңізде сақтаңыз**

Кейбір елдерде телефон сөйлесулерін қалай және қашан жазып алуыңызға болатыны туралы қатаң заңдар қолданыста. Мысалы, жазуды бастар алдында өзіңіз сөйлесетін сөйлесушіні хабардар ету керек болуы мүмкін. Сіздің телефоныңыздың жазу функциясын пайдаланар алдында, Сіз тұратын елдің осындай заңдары туралы біліп алған жөн болады.

### **Қорытындысына біздің заң бөлімінен бірнеше маңызды сөз (ШЫҒЫНДАРҒА ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ)**

Қолданыстағы заңмен максимальды рұқсат етілген дәрежеде НТС компаниясы немесе онымен аффилирленген компаниялар ешбір жағдайда сіздің алдыңызда, кез келген пайдаланушының немесе қандай да бір үшінші тұлғаның алдында контракт негізінде, азаматтық құқық бұзушылық немесе басқа да негізде кез келген түрдегі кез келген жанама, фактіге негізделген, келесі, кездейсоқ немесе айыптық шығындарға жауапкершілікте болмайды, оның ішінде дене зақымына, кірісті жоғалтуға, беделін жоғалтуға, жіберіп алынған коммерциялық мүмкіндіктерге, деректерді жоғалтуға және/немесе кірісті жоғалтуға шектеу қойылмай, осындай шығындардың мүмкіндігін алдын ала білуге болатынына және НТС компаниясы немесе онымен аффилирленген компаниялар олардың пайда болуы туралы хабарлар етілуіне байланысты емес түрде жауапкершілікте болмайды. Бұдан басқа, НТС компаниясы немесе онымен аффилирленген компаниялар жауапкершілігінің жалпы сомасы ешбір жағдайда сізден алынған сомадан аспайды, қуыным талап етілген құқықтық теория негізіне байланысты емес түрде. Жоғарыда көрсетілгендер қабыл алынбауы мүмкін емес заңды құқықтарға жатпайды.

Осы қысқаша анықтамалық нұсқау сізге телефонмен жұмыс істеп бастауға көмектеседі. Осы нұсқауда біз маңызды немесе пайдалы ақпаратты көрсету үшін мына символдарды пайдаланамыз:



Пайдаланушының толық нұсқауын және басқа да пайдалы ақпаратты алу үшін HTC компаниясының қолдау веб-сайтын [www.htc.com/support](http://www.htc.com/support) мекенжайы бойынша көріп шығыңыз.

## Мазмұны

1. Жеткізу комплектісінің құрамы	4
2. Телефонмен танысу	4
3. Телефонды қосу алдында	5
4. Жұмыстың басы	7
5. Өзіңіз үшін HTC Sense ашыңыз	11
6. Байланысуларды қосу	14
7. Телефондағы қосымшаларға қолжетім	16
8. Хабарламалар	16
9. Интернеттегі навигация	17
10. Фото- және бейнетүсірілім	18
11. Телефондағы файлдармен жұмыс	18
12. Телефонды компьютермен үйлестіру	19
13. Қондырғыларды зауыттық мәнге дейін ығыстыру	20
14. Ақаулықтарды жою бойынша кеңестер	21




## 1. Жеткізу комплектісінің құрамы


Қораптың ішінде мыналарды табасыз:

- Телефон HTC Smart
- Аккумулятор (орнатылған)
- USB-кабелі
- Қоректенудің желілік адаптері
- 3,5 ажыратқышы бар стереогарнитура
- Осы қысқаша анықтамалық нұсқау

## 2. Телефонмен танысу



### 3. Телефонды қосу алдында



1.

#### Артқы қақпағын ашу


Саусағыңызды телефонның жоғарғы бөлігіндегі тар саңылауға салыңыз. Артқы қақпақтың сол жақтағы жоғарғы бетін көтеріңіз, содан кейін артқы қақпағын толық алу үшін оны оң жаққа қарай басыңыз..

#### 2. Аккумуляторды алу.

Аккумулятор бөлікшесінің оң жағында орналасқан шағын қуысқа саусағыңыздың ұшын сыйғызыңыз да, аккумуляторды көтеріңіз.

#### 3. SIM-картаны орнату

SIM-картаны орнату барысында оның шап айылған бұрышы сыртқа қарайтындай етіп, алтынданған түйісулерін төмен қаратып салыңыз. SIM-картаны SIM-картаға арналған ұяға тірекке дейін басып салыңыз



4.

\* Алдымен аккумулятордың артқы жағынан жұқа пленканы алыңыз.

Аккумулятордың шығып тұрған мыс байланысуларын аккумулятор бөлігінің ішіндегі байланысумен түзелтіңіз. Аккумуляторды орнына тұрғызу үшін жайлап басып қалыңыз.

#### 5. Артқы қақпағын орнына салу

Артқы қақпағының төменгі бөлігін телефонның төменгі бөлігіндегі екі шағын саңылаумен түзелтіңіз, содан кейін қақпағын ақырын қысыңыз. Шырт етуі қақпақтың орнына түсуін растайды.

#### 6. Аккумуляторды қуаттандыру

Қоректенудің желілік адаптерінің USB ажыратқышын телефоныңызға қосыңыз, содан кейін адаптерді желілік розеткаға салыңыз. Аккумуляторды толық қуаттандыру үш сағат шамасын алады.

SIM-картасын, аккумуляторды, microSD зерде картасын орнатқаннан кейін және аккумуляторды қуаттандырғаннан кейін, сіздің телефоныңыз бірінші қосуға дайын. ҚОРЕКТЕНУ кнопоксын басып, телефоныңызды қосыңыз.

Өз телефоныңыздың мүмкіндіктерімен танысу үшін осы нұсқауды оқыңыз.

#### 4. Жұмыстың басы

Телефонды бірінші қосу барысында сізге кейбір базалық параметрлерді таңдау және Gmail/ Google Mail, Fakebook және Twitter сияқты өз желілік есеп жазбаларыңызды күйге келтіру ұсынылады.



Өз желілік есеп жазбаларыңызға кіру үшін сізге Интернетке қосылу қажет болады.

1. Өзіңізге керек тілді таңдаңыз да, **Бұдан әрі** дегенді басыңыз.
2. Өзіңіздің ағымдағы тұрған орныңызды анықтау керек екендігін шешіңіз. Шеттегі Координатын анықтау қызметін пайдалану үшін **Қабылдаймын** дегенді басыңыз. Егер мұны қаламасаңыз, **Қабылдамаймын** дегенді басыңыз.



Координаттарды анықтау қызметі **Ауа райы** сияқты қосымшаны пайдалану барысында сіздің ағымдағы тұрған орныңызды айқындауға көмектеседі. Сіз өз мобильді байланысының операторынан осы функция қосылып тұрғанда деректерді беруге шығындар туралы ақпаратты нақтылай аласыз.


3. Өз эл.поштаңыздың есеп жазбасын күйге келтіріңіз немесе оны кешірек күйге келтіру үшін **Өткізіп жіберу** дегенді басыңыз.

Эл.поштаның есеп жазбасын күйге келтіру үшін есеп жазбасының түрін басыңыз немесе **Басқалары** дегенді басыңыз. Келесі экрандарда алдымен әр элементке басыңыз, мысалы, өз есеп жазбаңыз туралы ақпарат енгізу үшін **Эл.поштаның мекенжайы** және **Пароль** дегенге басыңыз.

4. Эл.поштаның есеп жазбасын күйге келтіруді аяқтағаннан кейін **Сақтау** дегенді басыңыз.
5. **Жаңа есеп жазбасы** дегенді басыңыз да, эл.поштаның басқа есеп жазбасын күйге келтіру үшін, 3 және 4-әрекеттерін қайталаңыз немесе келесі кезеңге өту үшін **Бұдан әрі** дегенді басыңыз.
6. Fakebook, Twitter сияқты әлеуметтік желілердің есеп жазбаларын күйге келтіріңіз немесе оларды кейінірек күйге келтіру үшін **Өткізіп жіберу** дегенді басыңыз.

Күйге келтіру үшін әлеуметтік желінің есеп жазбасын таңдаңыз, өз пайдаланушының эл.поштаның мекенжайы мен паролін енгізіңіз, содан кейін **Кіру** дегенді басыңыз. Кіруді орындағаннан кейін басқа есеп жазбасын күйге келтіріңіз немесе келесі кезеңге өту үшін **Бұдан әрі** дегенді басыңыз.

7. Телефондағы ауа райы мен тұрған орныңыздың ақпаратын күйге келтіріңіз. **Қосу/Өшіру** кнопкалары арқылы автоматты жаңартуды қосыңыз немесе сөндіріңіз, содан кейін **Бұдан әрі** дегенді басыңыз.

 Бұл қызмет сіздің мобильді байланысы операторының тарифтік жоспары бойынша қосымша шығындарға соқтыруы мүмкін. Сіз автоматты жаңартуды кез келген уақытта **Күйге келтіру > Деректерді беру қызметі** менюінде өшіре аласыз.


8. Сіздің телефоныңыз ағымдағы уақыт пен күнді қояды. Бұл желі қызметі көмегімен немесе координаттарды анықтау қызметі арқылы (егер ол өшіріліп тұрса) орындалына алады.

Бұл күйге келтірулерді автоанықтау мүмкін емес болған жағдайда, ағымдағы уақытты, күнді және сағаттық поясты қолыңызбен қойыңыз, содан кейін **Дайын** дегенді басыңыз.

## Саусақтардың қозғалысы

Телефонмен навигация үшін саусақтармен мына қарапайым қимылдарды орындаңыз.

- **Басу.** Экрандағы элементті саусағыңызбен жай ғана жанасыңыз.
- **Қос басу.** Жедел екі рет элементке немесе салаға жанасыңыз.
- **Саусақпен жүргізу немесе сырғыту.** Саусағыңызды экранда көлденеңнен және тік жүргізіңіз.



- **Басу және ұстап тұру.** Саусағыңызды экранда ұстап қалып, сала немесе элементке жанасыңыз.
- **Орын алмастыру.** Элементті басыңыз және ұстап тұрыңыз, содан кейін саусағыңызды біраз қысумен орын алмастырыңыз. Саусағыңызды керек қалыпқа жеткенге дейін көтермеңіз.

## Экрандық клавиатурамен жұмыстың негіздері



Бас әрпін енгізу үшін **Shift.** дегенді басыңыз. Бас әріптерінің регистрін (Cap Lock) белгілеу үшін екі рет басыңыз.

Жаңа жолға көшу үшін **Енгізу** дегенді басыңыз. Егер бірнеше жолды пайдалану мүмкін болмаса, осы клавишаны басу экрандық клавиатураны жабады.

Келесі символды жою үшін **Жою** дегенді басыңыз.


Телефон Клавиатурасы (тек тік бағытта көрсетіледі) және QWERTY клавиатурасы (тек көлденең бағытта көрсетіледі) арасында ауыстырып қосу үшін **Бағыт** дегенді басыңыз.

Мәтінді теруді аяқтағаннан кейін **Жабу** дегенді басыңыз.

Сөздерді предикативті енгізу режимін (XT9) қосу немесе өшіру үшін **Енгізу режимін** басыңыз. Бұл клавиша тек Телефон Клавиатурасында ғана қолжетімді.

Басқа да цифрлар мен символарды қарап шығу үшін **Цифрлар мен символдар** дегенді басыңыз. Бұл клавиша тек Телефон Клавиатурасында ғана қолжетімді.

Орын алмастыруды басқару үшін стрелкалары бар экрандық клавишаларды көрсету және пайдалану үшін **Навигация панелі** дегенді басыңыз.



Басқа цифрлар мен символдарды қарап шығу үшін осыны басыңыз. Көрсеткіші бар экрандық клавишаны көрсету және пайдалану үшін, басыңыз да, ұстап тұрыңыз. Бұл клавиша QWERTY клавиатурасында қолжетімді немесе сіз клавиатураның бірнеше тілін таңдасаңыз.

Басқа тілге ауыстырып көшу үшін **Тілдің клавишасы** дегенге басыңыз. Бұл клавиша тек сіз клавиатураның бірнеше тілін таңдағанда қолжетімді болады.

## 5. Өзіңіз үшін HTC Sense ашыңыз

Сіздің телефоныңыз – «оны өзіңдікі қыл», «жаныңда бол» және «күтпегенді аш» деген үш негізгі принциптерде негізделген интуициялық түсінікті және органикалық интерфейстегі HTC Sense базасында құрылған.

### Ең маңызды мобильді функцияларға тез қолжетім

Телефонда сіз пайдаланатын барлық ең маңызды функциялар тура Бастапқы экранда орналасқан. Сізге бір қосымшадан басқа қосымшаға секіріп жүру қажет етілмейді. Жаңа хабарламаларды көру үшін, ауа райының болжамын тексеру, музыка тыңдау және т.б. үшін саусағыңызбен оң жаққа және сол жаққа жүргізіңіз.



Тура бас Бастапқы экранға көшу үшін АРТҚА/ҮЙГЕ кнопкасын басыңыз да, ұстап тұрыңыз.

Қосымшаларға тез қолжетім үшін ярлыктарды қосыңыз. Қосымшалардың ярлыктарын қосу үшін бас Бастапқы экранда саусағыңызбен жоғары қарай жүргізіңіз, бос ұяға басыңыз да, сіз қосқыңыз келген қосымшаны таңдаңыз.



Бас Бастапқы экранда ярлыктарды қосу үшін бос ұяларға қолжетім алу үшін саусақтарыңызбен жоғары қарай жүргізіңіз.



## Жұмыс және ойындар үшін түрлі сюжеттер

Сюжеттерді қолдану барысында сіздің телефоныңыз бірден бірнеше телефон функциясын орындап бастайды. Сюжеттер телефонды жұмыс немесе ойын үшін пайдалана отырып, өз көңіл күйіңізге сәйкес тез ауысып қосыла алуға мүмкін Бастапқы экранның дербестелінген конфигурацияларын елестетеді. Бұдан басқа, сіздің өмір стиліңізге және күнделікті қажеттілігіңіз үшін өз сюжетіңізді құра аласыз.

Алдын ала белгіленген сюжетті таңдау үшін Бастапқы экранда МЕНЮ дегенді басыңыз, **Сюжеттер** дегенді басыңыз, содан кейін қажет сюжетке басыңыз. Бастапқы экранға қайту үшін АРТҚА/ҮЙГЕ кнопкасын басыңыз да, ұстап тұрыңыз, содан кейін таңдаған сюжетіңізді қарап шығу үшін саусағыңызбен сол жаққа немесе оң жаққа жүргізіңіз.

Таңдаған сюжетіңізді күйге келтіруіңізге болады және оны жаңа ретінде сақтауға да болады. Мұны қалай істеуін білу үшін Пайдаланушының толық нұсқауымен біздің [www.htc.com/support](http://www.htc.com/support) вебсайтында танысыңыз.

## Барлығы адамдар туралы

Диалогтар, мысалы телефон шақырулары мен хабарламалар, қосымшалар бойынша емес, байланысулар бойынша біріктірілген. Досыңыздың байланысу карточкасын ашып, саусағыңыздың бір ғана жанасуымен ол туралы барлық байланысу мәліметтерге, хабарламаларға, эл.поштаға, Facebook жаңартулары мен шақыру журналдарына қолжетім ала аласыз.



Хабарламаларды бірден бірнеше адамға жіберу, сондай-ақ, ыңғайлы болды. Топтарды құра отырып, мәтіндік хабарламаларды немесе эл.поштаның хабарламаларын бірден топтың барлық мүшелеріне оңай жіберуге болады.

## Нөмірді интеллектуалды алу

Шақыру барысында телефон байланысудың атын немесе нөмірін теруге мүмкіндік береді.

ТЕЛЕФОН ШАЛУ кнопкасын басыңыз, байланысу атының бірнеше әрпін немесе цифрін немесе телефон нөмірін енгізіңіз, содан кейін фильтрленген тізімде байланысуға басыңыз.



## Интернеттегі интеллектуалды жұмыс

Телефонда мәтінді экранға жай ғана қос басу арқылы оқу ыңғайлы болу үшін, оны веб-бетте ұлғайтатын және қайта форматтайтын интеллектуалды ауқымдағыш функциясы бар.



Ауқымын тез ұлғайту немесе азайту үшін салаға екі рет басыңыз.




Бұдан басқа, сіз веб-шолушыны веб-бетті қарап шығу барысында, шолуды жақсарту үшін қарап шығудың көлденең режиміне ауысып қосыла аласыз.

## Friend Stream

Friend Stream қосымшасы көмегімен өз дәрежеңізді жаңарта аласыз, әрқашан Facebook-тағы оқиғалардың бағытында боласыз және Twitter хабарламаларын қарауға мүмкіндігіңіз бар.

## 6. Байланысуларды қосу

Сіз телефоныңызда жаңа байланысуларды қоса аласыз немесе SIM-картаңыздан байланысуларды импорттай аласыз.

 **Байланысулар** деген қосымшаны бірінші рет ашу барысында сізге SIM-картадан телефонға байланысуларды импорттау ұсынылады. Оларды импорттау үшін, **ОК** дегенді басыңыз.

### Телефонға байланысуды қосу

1. Бастапқы экранға қайту үшін **АРТҚА/ҮЙГЕ** кнопкасын басыңыз да, Байланысулар экранына өтіңіз.
2. **МЕНЮ** дегенді басыңыз, содан кейін **Байланысулар** қосымшасын ашу үшін **Барлығы** дегенді басыңыз.
3. **МЕНЮ** дегенді басыңыз, содан кейін **Байланысуды құру** дегенді басыңыз.

4. Телефонда жаңа байланысу құру үшін, **Телефон** дегенді басыңыз.
5. **Атын қосу** дегенді басыңыз, байланысудың аты мен фамилиясын енгізіңіз, содан кейін **ОК** дегенді басыңыз.
6. **Фотосуретті қосу** дегенді басыңыз, альбомды таңдаңыз, содан кейін байланысу үшін фото таңдаңыз. Қажеттілігі шарасы бойынша фотоны қиыңыз, содан кейін **Дайын** дегенді басыңыз.
7. **Телефон нөмірін қосу** дегенді басыңыз. Телефон нөмірінің түрін таңдаңыз, содан кейін байланысудың телефон нөмірін енгізіңіз.
8. Басқа да мәліметтерді көрсетіңіз, мысалы, эл.поштаның мекенжайын, осы байланыс үшін пошта мекенжайы мен қоңырау мелодиясын. Байланысу туралы деректерді енгізуді аяқтау бойынша **ОК** дегенді басыңыз.

### **SIM-карта байланысуларына қолжетім**

1. Бастапқы экранға қайту үшін АРТҚА/ҮЙГЕ кнопкасын басыңыз да, ұстап тұрыңыз, содан кейін Байланысулар экранына өтіңіз.
2. МЕНЮ дегенді басыңыз, содан кейін Байланысулар қосымшасын ашу үшін **Барлығы** дегенді басыңыз.
3. МЕНЮ дегенді басыңыз, содан кейін **SIM-карта менеджері** дегенді басыңыз.

### **Байланысулар экранына таңдалған байланысуларды қосу**

1. Бастапқы экранға қайту үшін АРТҚА/ҮЙГЕ кнопкасын басыңыз да, ұстап тұрыңыз, содан кейін Байланысулар экранына өтіңіз.
2. Бос ұяға басыңыз.
3. Байланысуды таңдаңыз.
4. «Үндемеу бойынша әрекет» экранында бейнеленген байланысуы бар байланыс әдісін таңдаңыз (телефон шақыруы, хабарлама немесе эл.пошта).



## 7. Телефондағы қосымшаларға қолжетім

Сіздің телефоныңызда қандай қосымшалар бар екенін көріңіз. «Барлық бағдарламалар» панелін ашу үшін және бар қосымшаларды көру үшін Бастапқы экранда АРТҚА/ҮЙГЕ кнопкасын басыңыз. Панельді басқа жаққа бұру және басқа қосымшаларға қол жеткізу үшін, саусағыңызбен сол жаққа жүргізіңіз.

## 8. Хабарламалар

Сіз өзіңізге маңызды адамдармен әрқашан байланыста болыңыз.

### SMS-хабарламаларды жіберу

1. Бас Бастапқы экранда **Хабарламалар** экранына өтіңіз.
2. МЕНЮ дегенді басыңыз, содан кейін жаңа мәтіндік хабарлама құру үшін **Құру** дегенді басыңыз.
3. «Алушыны қосу үшін басыңыз» деген мәтіндік полені басыңыз, содан кейін байланысудың аты мен ұялы телефонының нөмірін енгізіңіз.
4. **Хабарлама** саласына басыңыз және хабарлама мәтінін енгізіңіз.
5. **Жіберу** дегенді басыңыз.

### Эл.поштаның хабарламасын жіберу

1. «Барлық бағдарламалар» панелін ашу үшін, Бастапқы экранда АРТҚА/ҮЙГЕ кнопкасын басыңыз.
2. **Mail** дегенді басыңыз.

3. Егер сіз эл.поштаңыздың өз есеп жазбасын күйге келтірмесеңіз, есеп жазбасының түріне басыңыз немесе **Басқалары** дегенді басыңыз. Келесі экрандарда өз есеп жазбаңыздың деректерін енгізіңіз, содан кейін **Сақтау** дегенді басыңыз.

4. «Кіріс» папкасында МЕНЮ дегенді басыңыз, содан кейін **Құру** дегенді басыңыз.


5. «Алушыны қосу үшін басыңыз» деген мәтіндік полені басыңыз, содан кейін байланысудың аты мен ұялы телефонының нөмірін енгізіңіз.

6. Хабарламаның тақырыбы мен мәтінін енгізіңіз.

7. **Жіберу** дегенді басыңыз.

## 9. Интернеттегі навигация

Бұл оңай. Телефонды бірінші рет қосқанда (қондырылған SIM-картасымен), ол автоматты түрде сіздің мобильді байланыс операторыңыздың деректерді беру қызметіне қосылуы керек. Сіз бірден Интернетті пайдалана алатын боласыз.

 Қосылудың күйге келтіруін өзгерпеңіз, себебі бұл қызметтердің жұмыс істемеуіне соқтыруы мүмкін. Егер сізге кейбір күйге келтірулерді өзгерту қажет болса, өзіңіздің мобильді байланысыңыздың операторына жүгініңіз.


1. Өз телефоныңыздың веб-шолушысын ашу үшін, Бас Бастапқы экранда **Internet** белгісін басыңыз.

2. Мекенжай жолына басыңыз да, веб-мекенжайды енгізіңіз.

Бірнеше алғашқы әріптерді енгізу шамасы бойынша танымал веб-мекенжайлар тізімі көрсетілетін болады. Сіз тізімдегі мекенжайға басып, веб-мекенжайды енгізуді жалғастыруыңызға болады.

## 10. Фото- және бейнетүсірілім

Сіздің көз алдыңызда небір таң қаларлық оқиға болып жатса, оны фото- немесе бейнежазба түрінде тез түсіріп алу үшін өз телефоныңыздың камерасын дайын ұстаңыз.

1. Камераны ашу үшін, ТҮСІРІЛІМ кнопкасын басыңыз.
2. Камераны **Фото** немесе **Бейне** режиміне ауыстыру үшін, түсірілім режимін (  ) ауыстырып қосуға басыңыз.
3. Камераны түсіру объектісіне көздеңіз.
4. От алу режимін таңдау үшін, **От алу** кнопкасын басыңыз: **Авто** (тек **Фото** режимінде), **Қосу** немесе **Өшіру**



Камераны басқару және күйге келтірудің қосымша элементтеріне қолжетім алу үшін, МЕНЮ дегенге басыңызға болады.

5. Фотосурет немесе бейне жазуды бастау үшін, ТҮСІРІЛІМ кнопкасын басыңыз.


Егер сіз Бейне режимінде болсаңыз, бейнежазбаны тоқтату үшін, ТҮСІРІЛІМ кнопкасын тағы да басыңыз.

## 11. Телефондағы файлдармен жұмыс

Сіз қайда бармасаңыз да, өзіңізбен бірге сүйікті өлеңдер, фотосуреттер мен бейнежазбаларыңызды ала жүріңіз. Оларды телефоннан көру немесе еске түсіру үшін және осы файлдарды көшіріп алу үшін, microSD зерде картасын телефоныңызға салыңыз.

### microSD зерде картасын орнату

1. Телефонды өшіріңіз де, артқы қақпағын ашыңыз.
2. microSD зерде картасын microSD зерде картасына арналған ұяға салыңыз да, оны шырт еткенге дейін басыңыз.



3. Артқы қақпағын орнына салыңыз, содан кейін телефонды сөндіру үшін **ТОЙТАРУ/ҚОРЕКТЕНУ** кнопкасын басыңыз да, ұстап тұрыңыз.

### **Телефонды компьютерге қосу**

1. Телефонды жеткізу комплектісіне кіретін USB-кабелі арқылы телефонды компьютерге қосыңыз.

2. «USB құрылғысы қосулы» деген экранда **SD-картасын орнату** дегенді басыңыз, содан кейін **ОК** дегенді басыңыз.



Зерде картасын компьютер пайдаланып жатқанда, сіз ондағы файлдарды телефоннан аша алмайсыз.

3. Компьютерде қосылған телефон алынатын диск ретінде танылады (USB-толтырғышы сияқты). Осы алынатын дискіні ашып, сіз microSD зерде картасында не барын көре аласыз.

4. Файлдарды компьютерден microSD зерде картасына көшіріп алыңыз.

5. Файлдарды көшіргеннен кейін алынатын дискіні өшіріңіз (телефонды қауіпсіз суырып алу үшін компьютердің операциялық жүйесі талап ететіндей етіп, телефоныңызды ажыратыңыз).


## **12. Телефонды компьютермен үйлестіру**

Компьютер мен телефон арасында байланысулар мен Outlook күнтізбесі немесе Outlook Express байланысуларын үйлестіру үшін HTC Sync бағдарламасын пайдалануға болады.

HTC Sync бағдарламасын өз компьютеріңізге көшіріп алу және орнату үшін [www.htc.com/support](http://www.htc.com/support) вебсайтын көріп шығыңыз.

### 13. Қондырғыларды зауыттық мәнге дейін ығыстыру

Барлығын «таза парақтан» бастағыңыз келе ме? Егер сіз өз телефоныңызды басқа біреуге берсеңіз немесе бәрін басынан бастағыңыз келсе, күйге келтірудің ығыстыруын орындауға болады. Бұл шараға ойланбай баруға болмайды. Қондырғыларды зауыттық мәнге дейін ығыстыру сіздің барлық деректеріңізді өшіреді. Бұл сіздің телефоныңызды бірінші қосқанға дейінгі күйге қайтарады.

 Телефонның күйге келтіруін ығыстыру алдында сіз міндетті түрде сақтағыңыз келген барлық деректердің (байланысулар мен файлдардың) резервтік көшіруін жүргізіңіз.

#### Күйге келтіру меню арқылы телефонның күйге келтіруін ығыстыру

1. Бастапқы экранда МЕНЮ дегенді басыңыз, содан кейін **Күйге келтіру > Қауіпсіздік > Қондырғыларды зауыттық мәнге дейін ығыстыру** дегенді басыңыз.
2. «1234» кодын енгізіңіз де, күйге келтірулердің ығыстыруын орындау үшін **ИӘ** дегенді басыңыз.

#### Телефонды сөндірілген жағдайда күйге келтіруін ығыстыру

1. ДЫБЫСТЫ ҰЛҒАЙТУ, ДЫБЫСТЫ АЗАЙТУ және ТОЙТАРУ/ҚОРЕКТЕНУ кнопкаларын басып, ұстап тұрыңыз.
2. Қондырғыларды зауыттық мәнге дейін ығыстыруды орындау үшін ДЫБЫСТЫ АЗАЙТУ кнопкасын басыңыз, немесе ығыстыруды болдырмау үшін басқа кез келген кнопканы басыңыз.
3. Күйге келтірудің ығыстыру процедурасын аяқтау бойынша телефонды қайта қосу және бәрін басынан бастау үшін ДЫБЫСТЫ АЗАЙТУ кнопкасын басыңыз.

#### **14. Ақаулықтарды жою бойынша кеңестер**

Егер сіздің телефоныңызбен қандай да бір қиыншылықтар туған жағдайда, мына жерде сол ақаулықтарды жөндеу туралы кейбір кеңестер келтірілген.

- Егер телефон сіздің әрекеттеріңізді сезінбесе, аккумуляторды алып шығыңыз, үш секунд күтіңіз, содан кейін аккумуляторды орнына салып, телефонды қосыңыз.
- Қосымша жаңартулар болуын тексеріңіз және біздің [www.htc.com/support](http://www.htc.com/support) вебсайтында пайдалы кеңестерді іздеп көріңіз.
- Егер телефоныңызбен қандай да бір проблема туса, оны телефонды қосу немесе сөндіру арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда, маңызды деректердің (байланысулар мен файлдардың) резервтік көшіруін құрыңыз.